



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САУДА ҰЙЫМЫНА КІРУ ЖӘНЕ ШЫҒУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТЕРІ

Бапай Басболат Мақсатұлы

V_basbolat@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті Заң факультетінің
«6М030200 – Халықаралық құқық» мамандығының 2-курс магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекші - з.ғ.д., профессор Алимкулов Р.С.

Дүниежүзілік сауда ұйымы сауда қатынастарын реттеудің әртүрлі салаларындағы көпжақты келіссөздер жүргізудің әмбебап жүйесі. Негізінен, ұйымның құрылуына ХХ-ғасырдың 50-жылдарынан бастап мемлекеттермен сыртқыэкономикалық қызмет жүйеде енгізіліп жатқан қатаң протекционистік шектеу шараларын халықаралық құқықтық реттеу мақсатында құрылды. Себебі, протекционистік сауда саясаты оны енгізу үшін қысқа мерзімге тиімді болғанмен әлемдік сауда қатынастарының өзге мүшелері үшін кесірін тигізетіні анық. Сәйкесінше, әлем мемлекеттеріне халықаралық сауда жүйесінде қалыптасып отырған өзекті мәселелерді: экономикалық тұрақтылықты қалыптастыру, нарықты ырықтандыру, халықаралық экономикалық теңдікті сақтау және халықаралық тауар айналымын құқықтық реттеу керекті өзекті болды.

Дүниежүзілік сауда ұйымы кемсітпеушілік пен ашықтық принциптеріне негізделген тауарлар мен қызметтерді сатудың жалпыәлемдік қағидаларын орнату мақсатында құрылған. ДСҰ 1995 жылы құрылғанмен 1947 жылы жасалған Сауда мен Тарифтер жөніндегі Бас Келісімнің (ГАТТ) құқық мирасқоры болып табылады. Ұйымның қызмет ету аясы қызметтер саудасы, зияткерлікменшік құқықтарын қорғауға дейін кеңейіп, сауда дауларын шешу институтымен ДСҰ-ға мүше елдердің сауда саясатына шолу жасау тетігі құрылды. ДСҰ ерекшеліктері ретінде келесілерді атап өтуге болады:

- ДСҰ келісімдері single undertaking деп аталатын келісімдер жиынтығы болып табылады – мемлекет «бөлінбейтін бірыңғай пакет» болып табылатын

18 міндетті келісімге қосылады. Аталған «бөлінбейтін бірыңғай пакет» тізімінетек Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі келісім және Азаматтық авиатехникасаудасы жөніндегі келісім ғана енгізілмеген, олар ерікті келісімдер болыптабылады;

- ДСҰ үкіметаралық ұйым болып табылады, яғни осы елдің атынан Үкіметтің ресми өкілеттендірілген өкілдері ғана сөз сөйлей алады. Кәсіпкерлер ДСҰ мүше мемлекеттері үкіметтерінің іс-әрекеттерінен туындаған белгілі бір мәселелерді шешу үшін өз елдерінің Үкіметтерімен хабарласуы керек. Дегенмен, жекетұлғалар да өз елінің делегацияларының құрамына енгізілуі мүмкін;

- негізінен шешімдер барлық ДСҰ-ға мүше елдер арасында қол жеткізілуі тиіс консенсус негізінде қабылданады. ДСҰ хатшылығы ұйым қызметінің

Техникалық және аналитикалық қолдауын қамтамасыз етеді [1, 5 б.].

Қазақстан Республикасы халықаралық саудаға белсенді қатысу мақсатында ДСҰ-ға мүше болуды маңызды деп санады. Мүше болу тәртібі өте қиын болғандықтан, кіруге ниет танытқан әрбір мемлекет тиісті кезеңдерден өту керек. Мүше болу тәртібі 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісімінің «Қосылу» атты XII бабында былай негізделген: өзінің сыртқы сауда қатынастарын жүргізуде және осы Келісімде және Көптарапты сауда келісімдерінде қарастырылған басқа да сұрақтарда толық автономдыққа ие кез-келген мемлекет немесе жеке кедендік территория осы Келісімге сондай мемлекет немесе жеке кедендік территория мен ДСҰ арасындағы келісілген тәртіптер негізінде қосыла алады [2].

Дегенмен, мұндай көзқарас әрбір жаңа үміткер үшін кірудің тәртіптері мен талаптарын түзетуші мүмкіншіліктерін беретін қосылу бойынша жұмыс тобы мүшелерімен резервтелгендігін айғақтайды [3, 6-9 бб.].

Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға мүше болу ниеттілігін негізінен 1996 жылы 29 қаңтарда таңытып, ресми түрде өз өтінішін білдерген. Дегенмен, тек 19 жылдан кейін ғана ұлттық заңнамаларын ДСҰ жүйесіне сәйкестендіріп үлгерді. Нәтижесінде, 2015 жылы 27 шілдеде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев пен Дүниежүзілік сауда ұйымының бас директоры Роберто Азеведо республиканың ДСҰ-ға мүше болуы жөніндегі хаттамаларға қол қойды[4]. Яғни, осы жылдың 30 қарашасынан бастап Қазақстан Республикасы заңды түрде Дүниежүзілік сауда ұйымына толыққанды мүше болды[5].

Ендігі кезекте, қарастырылып отырған тақырыпты ашу үшін нақты қосылудың тәртіптеріне жеке-жеке тоқталып кеткеніміз жөн болар. Әрине, заңды түрде Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі болған әрбір мемлекет бұл тәртіптерді міндетті түрде сақтайды. ДСҰ-ға қосылудың техникалық процессі келесі актілермен реттеледі: «Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу: XII бапқа бойынша келіссөздер жүргізу рәсімдері, 1995 жылдың 24 наурызындағы Хатшылықтың түсініктемесі» [6], Қосылу процессі бойынша техникалық түсініктемелер, 2001 жылдың 21 желтоқсандағы Хатшылықтың түсініктемесі» [7]. Ал, қосылу тікелей қатысты сұрақтар 1996 жылдың 18 наурызындағы «Ауыл шаруашылығы үшін экспорттық субсидиялар және ұлттық өндірушілерді қолдау бойынша ұсынылуы тиісті ақпарат» [8], 1996 жылдың 31 қазандағы «Қызметтер саудасына әсер етуші саяси шаралар бойынша ұсынылуы тиісті ақпарат» [9], 1999 жылдың 15 қарашасындағы «Техникалық сауда кедергілерімен, санитарлық және фитосанитарлық бақылаумен байланысты саяси шаралар бойынша ұсынылуы тиісті ақпарат» [10] және 1999 жылдың 15 қарашасындағы Қосымша 1 «Саудамен байланысты Зияткерлік меншік құқықтары туралы келісімді жүзеге асыру бойынша ұсынылуы тиісті ақпарат» [11].

Бүгінгі таңда ДСҰ-ға мүше-мемлекеттердің төрттен үш бөлігі дамушы мемлекеттер болып табылады. Ұйым аясында мемлекетті дамыған немесе дамушы мемлекеттер санатына жатқызатын өлшемдері әлі де болса қарастырылмаған. Бұл сұраққа үкіметтердің өзі жауап беруі тиіс [7]. Ұйым аясында келісімдерге сай әрбір мүше-мемлекет өзінің қандай санатқа жататындығына байланысты тиісті шараларды қолдану құқығына ие бола алатындығын ескеретін болсақ, мемлекеттің мәртебесін анықтау өлшемдерінің ескерілмегендігін ұйымның басты кемшілігі ретінде қарастыруға болады. Себебі, ДСҰ мүшесі болыптабылатын ең нашар дамыған мемлекеттер ұйым аясындағы ерекше құқықтар мен қолдауларға толықтай ие бола алады. Дегенмен, мемлекеттерді тиісті санатқа жатқызу тұрғысынан ДСҰ БҰҰ-мен бекітілген өлшемдерді қолданады (XI(2)-бап)[8]. Екі ұйымның өзара ерекшеліктерін, яғни БҰҰ халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті мақсат еткен, ал ДСҰ халықаралық сауда қатынастарын реттеуші мамандандырылған ұйым екендігін ескеретін болсақ, жоғарыда қарастырылған өлшем белгілерін қолдануды құқықтық тұрғыдан дұрыс емес деп санаймыз. Әрине, әрбір мемлекет үшін экономикасының маңызды екендігін ескеретін болсақ, онда ДСҰ-ға мүше-мемлекеттердің санаттық тұрғыдан құқықтық мәртебесін анықтау өлшемдерінің бекітілуі уақыт күттірмейтін мәселе болып саналады.

Жалпы, Марракеш келісімі ДСҰ-ға мүше болудың екі нысанын белгілейді. Келісімнің XI бабында қарастырылған «бастапқы мүшелік» ГАТТ-қа мүше-мемлекеттерге ДСҰ-ға кіру процессі Марракеш келісімі мен көптарапты сауда келісімдерінің талаптарын, яғни ГАТТ-94 қарастырылған шегіністермен міндеттемелерді [12], ГАТС-та қарастырылған ерекше міндеттемелерді [13] қабылдау арқылы жүргізіледі. Бұндай кірудің тәсілдері тек 1997 жылдың наурыз айына дейін қолданылған [14, 110 б.]. Ал, екінші тәсіл жоғарыда қарастырылып өткен Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісімінің «Қосылу» атты XII бабына сай жүргізіледі.

Жалпы, ДСҰ аясында құрылған сарапшылардан тұратын қосылу бойынша құрылған жұмыс тобының келісін алушы әрбір мемлекет келесі қосылудың рәсімдік кезеңдерінен өтеді.

- Өзін туралы бізге айтып беріңіз;
- Не ұсына алатындығыңыз жөнінде әрбір мүшеге айтып беріңіз;
- Мүшелік талаптарын анықтап алайық;
- Шешім [14, 64 б.].

Әрбір кезеңнің өзіндік тәртіптері мен ерекшеліктері бар. Негізі қосылу процессінің жедел немесе баяу жүргізілуі тікелей әрбір мүше болуға ниетті мемлекеттің немесе кедендік территорияның өзіне тәуелді. Сәйкесінше, кезеңдік тиісті шараларды жүргізу ортақ келісім негізінде ұйымдастырылады.

ДСҰ-дан шығу тәртіптерін қарастырып кететін болсақ. Әрбір мүше-мемлекеттің немесе кедендік территорияның ДСҰ-дан шығу құқықтары Мараккеш келісімінің XV-бабында қарастырылған. Мұнда Мараккеш келісімінен шығу қана емес, сол сияқты кез-келген көптарапты сауда келісімдерінен шығу тәртіптері ескерілген. Негізінен шығу барысындағы мерзім ДСҰ-ның Бас директорына шығу туралы хабарлама түскен сәттен бастап алты айлық уақытты алады.

Негізінен ДСҰ-дан шығу құқықтары Мараккеш келісімінде ұйымнан мүше-мемлекетті шығарып тастаудың жапы рәсімдері қарастырылмаған. Ұйымның келісімдерінде берілген ережелерді жиі сақтамайтын немесе өз міндеттемелерін тиісті деңгейде орындамайтын мүше мемлекеттерге қатысты санкция ретінде басқа халықаралық ұйымдар тәжірибесінде қолданылатын шаралар ДСҰ аясында қарастырылмаған. Теориялық тұрғыдан алып қарастыратын болсақ, ДСҰ тәжірибесінде санкция тағайындаудың рәсімдері қарастырылған. Бірақ, бұл рәсімдер мүшеліктен шығарып жіберуге қатысты қарастырылмаған. Мүмкін ұйым тәжірибесінде мүшеліктен шығарып жіберу мәселесі орын алмағандықтан қарастырылып отырған мәселеде тиісті деңгейде реттелмеген. Дегенмен, санкция қолдану тәжірибесін мүшеліктен шығарып жіберу рәсімдері ретінде қарастыруға Ұйымның толық құқығы бар деп санаймыз.

Қорытындылай келгенде, теориялық тұрғыдан Дүниежүзілік сауда ұйымының жабық ұйым екендігін ескере отырып, әрбір мүшелікке кіруге ниет танытушы мемлекет немесе кедендік территория үшін тиісті талаптарға қатысты өз келісімін беруі басты талап болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Нұсқаулық материал: «ДСҰ: Қазақстандық экспорттаушылар үшін мүмкіншіліктер». «Эридан 2007» ЖШС типографиясы: Астана қ., 2013 ж. 32 б.;
2. Марракешское соглашение об учреждении Всемирной торговой организации, 15 апреля 1994 года // <http://docs.cntd.ru/document/1902152>
3. Kirkbride, M. Joining the World Trade Organization. A non-government perspective on the accession process / M. Kirkbride. – Oxford : Oxfam International, 2007. – 57 p.
4. Қазақстан ДСҰ-ғаресмитүрдемүшеболды // [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-dsu-ga-resmi-turde-mushe-boldyi-263752/;](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-dsu-ga-resmi-turde-mushe-boldyi-263752/)
5. Қазақстан ДСҰ құрамына кірді // [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-dsu-kuramyina-krd-266652/;](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-dsu-kuramyina-krd-266652/)
6. WT/ACC/1 Accession to the World Trade Organization – Procedures for Negotiation under Article XII – Note by the Secretariat. March 24, 1995 // https://docs.wto.org/dol2fe/Pages/FE_Search/FE_S_S009-DP.aspx?Language=E&catalogueidlist=227962,126310,126313,126311,126312,49152,61167,25044¤tcatalogueidindex=7&fulltexthash=
7. WT/ACC/10 Technical Note On The Accession Process – Note by the Secretariat. December. 21 2001 // ww.wto.org/english/thewto_e/acc_e/acc_procedures_e.htm
8. WT/ACC/4 Accession to the World Trade Organization – Information to be Provided on Domestic Support and Export Subsidies in Agriculture - Technical Note by the Secretariat. March 18, 1996 // https://docs.wto.org/dol2fe/Pages/FE_Search/FE_S_S009-DP.aspx?Language=E&catalogueidlist=126307,126308,126309,56067,102984,90453,58288,10845

2,107749,74750¤tcatalogueidindex=0&fulltexthash=&hasenglishrecord=True&hasfrenchrecord=True&hasspanishrecord=True

9. WT/ACC/5 Accession to the World Trade Organization – Information to be Provided on Policy Measures Affecting Trade in Services - Technical Note by the Secretariat. October 31, 1996 // https://docs.wto.org/dol2fe/Pages/FE_Search/FE_S_S009-DP.aspx?Language=E&catalogueidlist=126307,126308,126309,56067,102984,90453,58288,108452,107749,74750¤tcatalogueidindex=7&fulltexthash=&hasenglishrecord=True&hasfrenchrecord=True&hasspanishrecord=True

10. WT/ACC/8 Technical Note on the Accession Process - Note by the Secretariat - Checklist of Illustrative SPS and TBT Issues or Consideration in Accessions. November 15, 1999 // https://docs.wto.org/dol2fe/Pages/FE_Search/FE_S_S009-DP.aspx?Language=E&catalogueidlist=227962,126310,126313,126311,126312,49152,61167,25044¤tcatalogueidindex=5&fulltexthash=

11. Secretariat – Implementation of the WTO Agreement on Trade-related Aspects of Intellectual Property Rights (TRIPS). November 15, 1999 // https://www.wto.org/english/docs_e/legal_e/legal_e.htm

12. The European Union and the WTO // https://www.wto.org/english/thewto_e/countries_e/european_communities_e.htm

13. Treaty establishing the European Economic Community, 1957 // <http://eur-lex.europa.eu/en/treaties/index.htm#founding>

14. Bossche, Peter Van den The Law and Policy of the World tradeorganization / Peter Van den Bossche. – Cambridge : Cambridge University Press, 2005. – 776 p.

УДК 341.1/8

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ БОСҚЫНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ТЕТІКТЕРІ

Бахтияров Нұрғали

Bakhtiyarov.nurgali@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық универсиеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-23 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

Андатпа. Бұл мақалада босқындардың құқықтарын қорғауды қарастырады. Соның ішінде Орталық Азиядағы босқындардың түрлі мәселелері туралы болып, олардың шешу жолдарын қарастырады.

Аннотация. Эта статья рассматривает защиту прав беженцев. Включая проблемы беженцев из Центральной Азии, и их решения.

Annotation. This article considers protecting rights of refugees. Including problems of refugees from Central Asia, and their solutions.

Түйін сөз. Халықаралық құқық, босқын, Орталық Азия, миграция, конвенция.

Халықаралық құқықта бірнеше жылдар бойы босқындар мәселесі біздің уақыттағы ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Жалпы босқындардың пайда болуы бірнеше себептерге байланысты болады. Мысалы, кейбір жағдайларда босқындар адамдардың өзара арақатынасы барысында түрлі факторлар мен жағдайларға байланысты болса, кейбіреулері мүлде адамдардың еркінен тыс туындап жатады. Ондай жағдайларға табиғи апаттарды жатқызуға болады. Қарулы қақтығыстар, ірі әлемдік дәрежедегі елдердің саяси мақсатына байланыстыда босқындардың пайда болуына әкеліп соғатыны белгілі. Осыған байланысты халықаралық құқықта бұл жағдайлардың орын алмауын қамтамасыз ету мақсатында БҰҰ